

Arailym Sarballina, Kazakh National Women's Teacher Training University - Candidate's degree in Philology, Acting Professor, Almaty, Kazakhstan.

Lazzat Adilbekova, Kazakh National Women's Teacher Training University - PhD-diplomas, Senior Lecturer, Almaty, Kazakhstan.

Aidana Ibraimova, Master's in the second year of the Kazakh National Women's Teacher Training University- Almaty, Kazakhstan, e-mail: sarbalina.a@mail.ru, ibraymovaydana@gmail.com

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.03

FTAMP 17.82.70

ЭОЖ 82-7

М. Мукашева¹, Ж. Қанатова¹

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: m.mukasheva@asu.edu.kz

САТИРА – ӨМІР АЙНАСЫ

Мақалада сатираға мысал келтіріп, түрлі талдау жасалған. Негізінен, сатира өз кезінде, айналасында болып жатқан ақиқатты ашып көрсетеді. Әр елдің мәдениеті, келбет-кескіні оның өнер туындыларынан, салт-дәстүрінен ғана емес сықақтарынан, юмор-сатирасынан да көрініс табады. Міне сол сатира мен юмор тарихтың әр кезеңіндегі өрлеген, құлдыраған сәттерін, ұмтылыстарын көңіл-күйін көрсетеді. Орын алған әділетсіздіктер мен теңсіздікке қарсы күш біріктірген, жарқын болашаққа үміттенген халық өз ашу-ызасын, қарсылығын сықақтап жеткізген. Халық езушілеріне қарсы күресте сатира деген қарумен қарсы шыққан. Өзіне жамандық қылып, тонаған, қорлаған тап өкілдерін табандап емес, мысқалдап саясат сахнасынан шығарып отырған. Сатира қазақ даласында алдымен ауыз әдебиетінен бастау алып кейінен баспасөз бетінде көрінді. Мақалада белгілі бір жүйелілік сақталуы анық аңғарылады және негізгі тақырыпшалар, мазмұны, жасалған талдаулар БАҚ-қа қойылатын бүгінгі күн талабымен орайлас құрылған. "Садақ" журналынан бастап "Ара" журналына дейінгі бір ғасырға жуық аралық сатира жанрының қалыптасу кезеңі болып саналады. Әр ғасырдағы, әр дәуірдегі белгілі бір қоғамдық кезеңдегі өзгерістер тұсында сатираның алатын орны ерекше. Қазақ сатирасының оның ішінде прозалық, поэзиялық, комедиялық дараланып тұратын өзіндік ерекшеліктері- тілдік бейнелілігінде, адам мен қоғам өміріндегі келеңсіз дүниелерді сөзбен аша білуінде, жалпы автор ұстанымының идеялық биігі, ар ілімін көтере білуінде деп түсінеміз. Сатираның өзі адам бойындағы арсыздық, ынсапсыздық тағы басқа адамдыктан кетіретін сипаттардан арылуды көздеген жақсы ниеттен туындайтыны анық. Сатира келеке етуге емес, кемшіліктерден арылуға құрылған.

Негізгі сөздер: мақала, мазмұны, сатира, баспасөз, ауыз әдебиеті, тақырыпшалар, талдаулар, әдебиет.

Қазақ халқы өнерлі ғана емес, күлкішіл, сөзге шешен халық. Жан түршігерлік азап пен әділетсіздікті көп көрген ол қанша қиналса да, теңсіздік табанға салып таптаса да күлген, күлкіден қол үзбеген. Бір сөзбен айтсақ күресін тоқтатпаған, күлкісін жоғалтпаған.

Егер Добролюбов: Біздің әдебиетіміз Сатирамен басталып, сатирамен дамыды, оның тамыры да сатира да жатыр,- десе, қай халықтың болсын әдебиеті жөнінде, соның ішінде қазақ әдебиеті туралы да, осыны айтуға болады [1].

Халқымыз сонау ерте замандар да-ақ жаз жайлауда өнер жарыстырып, өлең айтқан. Осында жиылыстарда талант иелері тапқырлық, күлдіргіштік қасиеттерін танытып, көңіл көтеру үшін әзіл-оспаққа құрылған туындыларын ортаға салған. Міне ауыз әдебиетіміздегі юмордың алғашқы көріністері осылай пайда болған. Ал сатира болса таптық топтармен күрес кезеңінде өз күшіне еніп оларға азуын көрсету үшін жұмсалып отырған. Сол үстем тап өкілдеріне тойтарыс беру үшін

сатиралық туындылар да көптеп туды. Демек қазақ әдебиеті де сатира, юмормен бастау алып, бірге дамып отырған деуге негіз бар.

Ауыз әдебиетіндегі ең алғашқы сатиралық бастамаларды М.Әуезов айтқандай хайуанттар жайындағы ертегілерден-ақ көруге болады [2]. Қазақ фольклорындағы тұрмыс - салт жырларын, өтірік өлеңдерді мысалға ала отырып қазақ халқының күлкіге жақын халық екенін байқауға болады. Сол кездегі сатира мен юмордың ең көрнекі туындылары ретінде Алдар көсе мен Қожанасыр туралы аңыз-әңгімелерді қарастырдық. Иә, айтып өткеніміздей теңдік үшін күрескен қазақ халқы өзінің әр кезеңдегі әрекеттерімен, толғаныстарымен қазақ әдебиетінің қоржынын сатира мен юморға толтырып отырды. Басқа Шығыс халықтары сияқты, қазақ жұрты да шағын әңгімелерге, уытты әзіл-қалжыңға, қуақы анекдоттар мен сықақты этюдтерге, өткір де іліп-шалма сөздер мен сатиралық дидактикалық өлең жырға өте бай [3].

Ауыз әдебиетінің бұл аталған түрлері жазба әдебиетіміздегі сатиралық жанрлардың бастауы, нәр алған, білім алған мектебі болды. Қазіргі біздің сықақ әңгімелердің негізінде күлкілі аңыз ертегілер, сықақты этюдтер негізінде қуақы анекдоттар, юморлық, сатиралық шарждар негізінде әсіреге құрылған өтірік өлеңдер, мысалдар негізіндегі шешендік сөздер жатыр. Бүгінгі сатирамыздағы кездесетін тапқырлықты, әзіл шынын араластыра мысқылдауды, бетпердені сыпырар сарказмды, айтары мен айтылуы басқа иронияны сол халықтық сатирадан үйрендік [4].

Қазақ ауыз әдебиетіндегі әзіл оспақ ғасырлардан-ғасырларға жалғасып, қуаныш пен қайғысына ортақтасқан, ал кейіннен жазба әдебиетінде де ойып тұрып орынын алды десекте болады. Дей тұрғанмен де ерте ғасырдағы қазақтың мына жыраушысы не ақыны сатира мен юмордың алғашқы өкілдері деп айта алмаймыз.

Ал XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің бірінші кезеңін Абай дәуіріне дейінгі қазақ әдебиеті, екіншісін Абай дәуіріндегі қазақ әдебиеті деп жіктедік. Абайға дейінгі дәуір ұлы тарихи оқиғаларға толы [5]. XVIII ғасыр қазақ халқының тарихында жаугершілік заманда Қазақ хандықтарына Шығыстан Жоңғар шапқыншылығы, батыстан қалмақ феодалдары, Оңтүстіктен Бұқар, Хиуа хандықтары шабуыл жасап халықтың түскен еңсесін сатираға құрылған зілді туындылармен ақындар көтеріп отырған болатын. Біз оны шығармалары үнемі жарияланып, зерттеліп, зерделеніп келген Бұхар жыраудан бері қарайғы әдебиеттен іздестірдік. Сонда Абай дәуіріне дейін-ақ қазақ сатирасының қалыптасқан, даму жолындағы сала екенін аңғардық. Абылайдай ханның асыптасуын, Бөгембайдың батырдың жөнсіз қоқаңдауын, Ақандай байдың жылаңқылығын әрі ақыл айтып тежеп, әрі сынап-мінеп әшкерелеген дидактикалық - шешендік сатира Бұқар жырау шығармашылығынан-ақ орын алған. Қазақ халқына қиянат қылып, жаулық көрсеткен Қоқан хандығының алған ойран-топанын бетіне басса, жергілікті әкімдердің елді жаумен бірге тонаған әрекетін ашына әшкерелеген ащы сатира Жалайыр Жангісі бидің толғауларында табылады. Бұлардағы сын-сықақтық үн-әуездер Шал Құлекеұлы мен Көтеш ақынның мұрасында тағы да дами түскен. Сатира, юмор осы кезде күш ала бастады. Ханды, хандықты, үстем тапты әшкерелеумен шектелмей, тұрмыстағы кемшіліктерді шенеуге ойысқан. Исатай мен Махамбет көтерілісі қазақ халқының жылдар бойы тапталған рухын биікке көтеріп тастады. Үстем тап өкілдері мен отаршылдарға жақ болған ханға, жүргізілген әділетсіз саясатқа қарсы болған халық ызасы ақындардың ауызынан улы сықақ, сатира болып төгілді. Батыста Махамбет, Шернияз Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтанды, Арқада Дулат жырау

Барақ сұлтан мен Кеңесбай мырзаны, Шөже ақын Алшынбай хан мен Мұса мырзаны, Жетісуда Сүйінбай Тезек төрені аяусыз әшкереледі. Олардың бірі хан мен бек, би мен сұлтандардың сатиралық бейнесін жасаса, екіншісі жауыздық, қатыгездік әрекетін сипаттайды. Осыдан-ақ сол тұстағы ақындардың екпіндерінен сатиралық лептің қалай есіп тұрғандығын анық байқауға болады. Олар қазақ сатирасына мұра қылып, іліп- шалма қалжыңдармен түрлі күлкілі әңгімелер қалдырған. Мұны Шөженің шығармашылығынан да көруге болады. Ерекше атап айтар нәрсе болмыс-құбылыстардың айнасы, сәулесі болды. Оның өзіне тән міні де жоқ емес. Көп сықақтар мазмұндас, бір сарынды. Бәрінде де байлардың сарандығы, молда-қажының арамдығы, ұлық, әкімдердің зорлық, қорлығы сыналды. Моральдық бейнедегі міндер, адамдық атқа кір келтіретін мінездік кемшіліктер аз көтерілді. Көптеген сықақтық шығармалар әлі нағыз сатира дәрежесіне көтеріле алмай, жай міншілдік, сыншылдық деңгейге жатты. Нысананың түр-түсін, іс-әрекетін суреттеп, образды ашудың орынына, оны сөгу, жеку, тілдеу натуралистік мінездеулер басым болды.

Қазақ сатирасы Абай дәуірінде жоғары, жаңа деңгейге көтерілді, түр, мазмұн жағынан көп толықты. Бұған Қазақстанның Россияға түгелдей қосылып бітуі, орыс әдебиеті мен мәдениетінің біздің сахараға тереңдей бойлай енуі, әдебиетте Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған прогресшіл халықтық бағыттың пайда болуы, ана тілінде мерзімді баспасөздің шығуына әсер етті. [6]. Өмірдегі ескі мен жаңаның егесуі сияқты, әдебиетте де ескі дәуірді, ру-ақсақалдық заманды көк еген кертартпа ақындар мен прогресшіл жаңа бағыттағы ақын, жазушылар арасында бітіспес пікірталас туды. Бұл талас, тартыста демократ-ағартушылар сатираны күрес құралы ретінде пайдаланған. Сын-сықақпен прогресшіл, ағартушы өкілдердің Шығыс және ауыз әдебиетіне арқа сүйеген Мәделіқожа, Майлықожа, Базар жырау сияқты тобы да, орыс әдебиеті мен Европа мәдениетінен нәр алған Ыбырай, Абай сияқты тобы да айналысты. Алдыңғы топтағылар Шығыс фольклор дәстүрінен ұзап шыға алмады. Бұрынғы толғау, жыр, өсиет өлең, хикая түрінде жазды. Араб, парсы, үнді хикаяларын сюжет етіп пайдаланды. Екінші топтағылар әлгі түрлерді жаңа мазмұн, жаңа стиль, жаңа жанрлармен байытты [7]. Мысалы Ыбырай әдебиетіміздегі тұңғыш рет сатиралық әңгімені, Абай шын мәніндегі уытты сатиралық эпиграммалар мен саяси сатиралық өлеңдер әкелді. Екі ақын да аударма арқылы қазақ мысалын дамытты. Егер Ыбырай, Абай қазақ мысалын орыс мысалдарын аудару арқылы байытса, Шығыс шығармаларының сюжетін мысалға айналдыру арқылы байытты. Ол Қалила мен Димна әңгімелерінің негізінде "Тотықұс", "Қасқыр", "Аңқау мен арамза" сияқты мысалдар жазды. Майлықожаның бұл жанрдағы ерекшелігі - оны ақын үнемі он бір буынды қара өлеңмен келтіреді. Майлықожа қазақ әдебиетіне сюжетті сатиралық поэмаларды алғашқы нұсқаларын туғызды. Сөйтіп XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ әдебиетіне Абай бастаған бір топ сатириктер келді. Дәуір, заман олардың алдына өз тұсындағы қоғамдық дерттерді әшкерелеу міндетін қойды. Бұл міндетті орындау ниетінде әркім өз үнін естіртіп, өз түрін тауып жатты.

XX ғасырдың басында қазақ халқының империализмге ұласқан Ресеймен етене араласуы, өз қоғамдық-әлеуметтік өмірінің жоғарылауы, саяси үйірмелер мен баспасөздің көбеюі солар арқылы небір прогресшіл идеялардың тарауы саяси қозғалыстардың етек алуы ақын, жазушыларымыздың ой-өрісін өсірді, мазмұн, түр, жанр жағынан ілгеріледі. Дәуірдің әлеуметтік проблемаларынан туған жаңа мазмұн, жаңа түр, соңы жанрлар табуды талап етті. Ой, білім, өресі өскен, өзіндік саяси әлеуметтік көзқарасы қалыптаса бастаған ақын, жазушылар әдебиеттік

роман, пьеса жанрлар әкелді. Сатираны да өрлетті. XX ғасырдың басында қазақ сатирасын тағы бір биікке көтерген тұлғалардың қатарына Сұлтанмахмұт пен Сәбитті жатқызады. Себебі бірқатар шығармаларының басты ерекшелігі, айқын стилі сатира мен юмор. Сатираны Абайдан кейін әр түрдегі шығармалармен кемелдендірді [8]. Қазақ сатирасын дамытудағы Айқап журналының үлесі ерекше. Бұл орайда үш салада қызмет етті. Ең алдымен сатираның тек Ыбырай Алтынсаринде көрінген проза түрі-сықақ әңгімені көп жариялады. Оларда беллетристикалық елестету мен пейзаж көп болды. Екіншіден, журнал өзіне дейінгі поэзиялық сатираны ілгерлетті. 1917-1925 жылдар арасы: Қазақ кеңес сатирасының туу, қалыптасу дәуірі. Бұл тұста мерзімді баспасөзде алғашқы күлкі, сықақ бөлімдері көрінді. Ақын, жазушылар ауылды кеңестендіру, шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу, әйелдер теңдігін қорғау, жастарды жаңаша тәрбиелеу ісіндегі кемшіліктерді сынап-мінеп шағын сықақ өлең, фельетондар жариялай бастады. Оны қалыптастыруға Сәкен астарлы, сықақты саяси, Сәбит сюжетті өлеңдермен, Ілияс, Аманғали фельетондармен, Бейімбет сатиралық новеллалармен, Ерғали сықақ әңгімелермен қатысты. Қалыптасу дәуіріміздегі сатирамыздың басты ерекшелігі -көбіне шартты түрде жазылды, жинақталған пікірлер қозғады. Кемшіліктері- көп сықақ шығармаларда артық баяндаулар мен тәптіштеулер, тіл жағынан солғындылық бар еді.

1925-1938 жылдар арасы. Бұл қазақ кеңес сатиарсының өркендеуі. Бұған XIII съездің Баспасөз туралы, Ортақ комитеттің Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы, Қазақстан баспасөзі жөніндегі қаулылары түрткі болды. Сонымен бірге қазақ кеңес сатирасының бұл аралықтағы өркен жаюына Түркістан республикасын ұлт ретімен қайта құруға байланысты Ташкенттегі көп газет, журналдың Қазақстанға ауысуы, республикамызда жаңа баспасөз орындары мен "Шаншар", "Жаршы", "Балға" сияқты сатиралық журналдардың шығуы, оқшау сөз фельетондарға екі рет бәйге жариялануы зор ықпал жасады. 1928-1929 жылдары төрт, 1935-36 жылдары бес сатиралық жинақ басылып шықты. Жанр саласында Бейімбет Ілияспен бірге, Асқар, Қадыр, Қалыбек, Дүйсенбек, Жұмағали, Жиенғали сияқты ақын, жазушылар еңбек етті [9].

1938-1952 жылдар арасы, қазақ кеңес сатирасының еңістеу дәуірі. 1937 жылы қоғам, ғылым, әдебиет, мәдениет қайраткерлерін қуғындау басталды. Бұл науқан бір жағынан сатириктерді сықақ жазудан тыйылуға мәжбүр етті, қатарын азайтты. Газет журналдарда сықақ сирек басылды, күлкі кітабы мүлде шықпады. Дегенмен 1938-1952 жылдары сатира Ұлы Отан соғысыннегізгі нысан қылып алды. 20-30 жылдардан бері көрінбеген мысал қайта қатарға қосылды. Әйтсе де газет ісінде асығыстық белең алып баспасөз беттерінде сапасыз жауды сырттай жамандауға құрылған материалдарда болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қожекеев. Т. Сатира негіздері. Алматы, 1996. 464-бет
- 2 Қожекеев. Т. Қазақ сатирасы. Алматы, 1970.
- 3 Қожекеев. Т. Сатиралық жанрлар. Алматы, 1983.
- 4 Қабдолов. З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970. 313-бет
- 5 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы үш томдық 2 том. Алматы, 1980. 242-243-бет
- 6 "Айқап" журналы, 1914, №12
- 7 "Айқап" журналы, 1913, №21
- 8 "Айқап" журналы, 1913, №14
- 9 "Балға" журналы, 1932, №1

САТИРА – ЗЕРКАЛО ЖИЗНИ

В статье представлен анализ различных особенностей сатиры. В основном, сатира раскрывает истину, которая происходит в свое время вокруг. Культура, живопись разных стран проявляются не только в его художественных произведениях, традициях и обычаях, но и в юмор-сатирах. Вот такая же сатира и юмор демонстрируют свое настроение, стремления, развалившиеся, спадающие на разных этапах истории. Народ, объединивший усилия против возникших несправедливости и неравенства, надеясь на светлое будущее, сумел спровоцировать свое гнев, противостояние. В борьбе с народными мечетей против сатиры. Но, не говоря уже о том, что в Казахстане, как и в других странах, не было ни одного факта, ни того, что в Казахстане, не было ни одного факта, ни того, что в Казахстане, не было ни одного факта. Сатира в казахских степях начала начинаться с устной литературы. В статье четко фиксируется сохранение определенной последовательности и сформулированы основные под заголовки, содержание, проведенные анализы с учетом требований сегодняшнего дня к СМИ. Период становления жанра сатиры составляет около века от журнала "лук" до журнала "Ара". В период перемен в определенный общественный период, в разные периоды сатира занимает особое место. В том числе и прозаические, поэтические, комедийные особенности казахской сатиры - в речевом образе, словообразовании негативных моментов в жизни человека и общества, идейной возвышенности общеизвестной позиции автора. Человек сам по Сатираниң арсыздық, предусмотренных технической школе, прошло хорошо избавляться возникает сипаттардан ынсапсыздық содержит другие явно. Сатира была построена не на келеке, а на избавление от недостатков.

Ключевые слова: статья, содержание, сатира, пресса, устная литература, подтемы, анализы, литература.

SATIRE IS THE MIRROR OF LIFE

The article presents an analysis of various features of satire. Basically, satire reveals the truth that happens in its time around. Culture, painting of different countries are shown not only in his works of art, traditions and customs, but also in humor-satires. Here is the same satire and humor show their mood, aspirations, collapsed, subsiding at different stages of history. The people who joined forces against the unfairness and inequality that arose, hoping for a bright future, managed to provoke their anger and opposition. In the fight against popular mosques against satire. But, not to mention the fact that in Kazakhstan, as in other countries, there was not a single fact, nor that in Kazakhstan, there was not a single fact, nor that in Kazakhstan, there was not a single fact. Satire in the Kazakh steppes began with oral literature. The article clearly fixes the preservation of a certain sequence and formulates the main sub-titles, content, and analyses, taking into account the requirements of today's media. The period of formation of the satire genre is about a century from the magazine "Luk" to the magazine "Ara". In a period of change in a certain social period, in different periods, satire occupies a special place. Including prose, poetic, comedic features of Kazakh satire - in the speech image, word formation of negative moments in the life of a person and society, the ideological elevation of the well-known position of the author. He Satirani arsusda stipulated in the technical school, it's been good to get occurring kapatagan encapsulate contains other clearly. Satire was not built on kelek, but on getting rid of shortcomings.

Main words: article, content, satire, press, oral literature, subtopics, analysis, lit

References

- 1 Qojekiev. T. Satira negizderi. Almaty, 1996. 464-bet
- 2 Qojekiev. T. Qazaq satirasy. Almaty, 1970.
- 3 Qojekiev. T. Satiralyq janrlar. Almaty, 1983.
- 4 Qabdolov. Z. Ádebiat teornasynyñ negizderi. Almaty, 1970. 313-bet
- 5 Músirepov Ğ. Tañdamaly úsh tomdyq 2 tom. Almaty, 1980. 242-243-bet
- 6 "Aıqap" jýrnaly, 1914, №12
- 7 "Aıqap" jýrnaly, 1913, №21
- 8 "Aıqap" jýrnaly, 1913, №14
- 9 "Balğa" jýrnaly, 1932, №1

Information about authors:

Manchuk Mukasheva, Candidate of Philological Sciences, associate Professor Atyrau university named after Kh.Dosmukhamedov. e-mail: m.mukasheva@asu.edu.kz

Zharkynai Kanatova, student of the journalism chair of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

DOI 10.47649/vau.2020.v58.i3.04

МРНТИ 18.41.07

УДК 78.01

А.Ш. Косанова¹

¹Казахская национальная академия искусств им.Т.Жургенова
г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: aigul_adai@mail.ru

АЛЬ-ФАРАБИ И МУЗЫКА

В данной статье автор рассматривает научное наследие великого мыслителя и философа Востока – Абу Насыра аль – Фараби. Анализируется вклад ученого – энциклопедиста в музыкальную культуру мира.

Абу Наср Мухаммад ибн Тархан ибн Узлаг аль-Фараби (870-950) родился в городе Фараб (Отраре) на территории современной Южно-Казахстанской области. В раннем средневековье Отрар именовали Фарабом. Город Отрар являлся вторым крупным культурным, торговым, политическим и научным центром, центром древней культуры Казахстана и Средней Азии. Он имел богатую библиотеку с большим книжным фондом после знаменитой Александрийской библиотеки.

В раннем средневековье Отрар именовался Фараб, Поэтому, по сложившейся традиции, отрарца именовали Фараби, с арабским артиклем аль-Фараби. Получив первоначальное образование в Отраре, где он прожил до 20 лет, Абу Наср аль-Фараби далее самостоятельно постигает многие другие науки: философию, логику, этику, математику, метафизику, языкознание, естествознание, географию, медицину, музыку. С этой целью он объездил многие города и государства (гг.Шаш, Самарканд, Бухара, Багдад, Харран, Египет, Халеб), учился у многих известных ученых, среди которых Абу Бишр Матта ибн Юнус, Абу Бакир ибн ас Сирадж, Али Юхан ибн Хайлан. Он увлекся трудами греческих, персидских, индийских, арабских и китайских философов.

Вскоре Абу Наср аль-Фараби начинает писать собственные научные труды практически по всем направлениям. Аль-Фараби – автор комментариев к работам Аристотеля «Метафизика», «Логика», «Топика», «Риторика», «Герменевтика», «Софистика», «Категория», «Первая и вторая аналитика». За данные комментарии к сочинениям Аристотеля Абу Насра аль-Фараби прозвали Вторым учителем (после Аристотеля).

Ключевые слова: выдающийся мыслитель, ученый - энциклопедист, музыкальный теоретик, история человечества, научное наследие.

Все мировое сообщество отмечает в этом году 1150-летие Абу Насра аль-Фараби – выдающегося ученого, мыслителя, философа, социолога, математика, физика, астронома, лингвиста, ботаника, музыкального теоретика. Абу Наср аль-Фараби – многогранный ученый, ученый-энциклопедист, один из основоположников восточного рационализма. аучное наследие, оставленное великим ученым, позволили вписать его имя в историю человечества. Юбилей ученого отмечается в рамках календаря знаменательных дат и событий ЮНЕСКО, что говорит о признании его научных заслуг во всем мире. 1100-летний юбилей ученого впервые был отмечен в 1975 году в Алматы.